

Сақтандыру жарнасы есептелмейтін және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақы мен жәрдемақы есептеу үшін орташа жалақыны анықтаған кезде есепке алынбайтын төлемдер тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 наурыз N 419. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1942 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Сақтандыру жарнасы есептелмейтін және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақы мен жәрдемақы есептеу үшін орташа жалақыны анықтаған кезде есепке алынбайтын қоса беріліп отырған төлемдер тізбесі б е к і т і л с і н .

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Сақтық жарнасы алынбайтын және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша пенсия мен жәрдемақы есептеу үшін орташа айлық табысын анықтау кезінде есепке кірмейтін жалақы мен басқа төлемдер түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қыркүйектегі N 556 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ., 1991 ж., N 22, 162-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 1156 қаулысы 3-тармағының үшінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 38, 364 - құжат) .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі